



ҚР Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі



«Педагогикалық Ғылымдар
Академиясы» ҚБ



CISC
CIVIL INITIATIVES SUPPORT CENTER

"Азаматтық бастамаларды қолдау
орталығы" КЕАҚ

БЕКІТІЛДІ
Басқарма Төрағасы
«Педагогикалық Ғылымдар Академиясы»
А.Құсайынов
« 02 » 08 2022 ж.



Сауаттылықты арттыру курсының ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Тұжырымдама шығармашылық ұжымдар мен этнобірлестіктер өкілдерінің, еліміздің барлық аймақтарында тұратын 16-29 жас аралығындағы жастардың басқа да санаттарының арасында сауаттылықты арттыру курсы (бұдан әрі – курс) өткізудің тәртібін реттейді.

Жоба міндеттері: 16-29 жас аралығындағы жастар арасында мемлекеттік тілді дәріптеу, қазақ тілін үйренемін деушілерге мүмкіндік қалыптастыру, қазақ тіліне деген қызығушылықты арттыру және қазақ тілінің қолданыс ареалын кеңейту.

Курстың басты **мақсаты** - жастардың арасында мемлекеттік тілді дәріптеу, сол жастарды ана тілімізде сауатты жазуға, оқуға, ойларын сауатты жеткізуге дағдыландыру. Қазақ тілі – халқымыздың баға жетпес рухани байлығы, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұрасы. Біздің бар болмысымызды, салт-дәстүрімізді, дінімізді, мәдениетімізді бойына сіңірген сол мұрамызды сақтап қалу, жетілдіру әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

Конкурс міндеттері:

- жастар арасында қазақ тілінің мәртебесін арттыру;
- жастарды қазақ тілін игеруге ынталандыру, жағдай жасау, қызығушылықтарын арттыру;
- қазақ тілінің қолданыс ареалын жастар арқылы кеңейту;
- 16-29 жас аралығындағы жастарды мемлекеттік тілде сауатты болуға ынталандыру;
- сауаттылық – тек туған тілімізді білу және ойды дұрыс жеткізу ғана емес, қазіргі таңда маңыздылығы жоғары ақпараттарды білу, белгілі бір салаларда ақпараттанған адам болу екендігін дәріптеу;

- жастардың сауатты жазу, сөйлеуге деген ізденісін арттыруға жәрдемдесу.

- мәдени мұраларымыздың, тарихи ескерткіштеріміздің, тұрмыс-тіршілігіміздің ерекшеліктері арқылы қазақ тіліндегі ауыз әдебиеті туындыларын насихаттау.

Байқау шарттары:

- Құрамы 5 адамнан тұратын топ болу;
- Қазақстан Республикасының 17 облысы мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары тегіс қатыса алады.
- Байқау онлайн өтеді. Сауаттылықты арттыру курсы moodle платформасында арнайы парақша ашу арқылы жүзеге асады.
- 2022 жылдың 18 тамызынан курс ашық, қолжетімді болады.
- Жалпы курстан толық өткен резиденттерге сертификат табыс етіледі.

Байқау* нәтижесінде үздік танылған жеңімпаздар ақшалай сертификатпен марапатталады:

- 1 орын - 300 мың теңге
- 2 орын - 200 мың теңге
- 3 орын - 100 мың теңге

Байқау бағдарламасына енгізу үшін, 2022 жылдың 17 қыркүйегіне дейін топ жетекшісі мен мүшелерінің аты-жөні, жасы, электронды почтасы көрсетілген мәліметті ұйымдастыру алқасына Microsoft Office Word (2003, 2007) арқылы терілген файлмен жіберу қажет. Файлдың атауына қатысушы топтың жетекшісінің аты-жөні жазылуы қажет (Мысалы: Sadykova Ainur_baiqau).

Тіркеуге өтініш берілгеннен кейін, әр қатысушы топ мүшелеріне арнайы сілтеме жіберіледі, сол сілтеме бойынша логин, пароль арқылы тіркеліп, курстан өту қажет.

Байқауды ұйымдастырушылар - «Педагогикалық Ғылымдар Академиясы» ҚБ, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен жүзеге асырылатын «Жастар арасында мемлекеттік тілді кеңінен танымал ету жөнінде іс-шаралар өткізу» әлеуметтік жобасын үйлестірушілер.

Байқау қорытындысы 2022 жылдың 18 қыркүйек онлайн диктант жазғызу нәтижесінде шығарылады.

* – байқауға барлығы курсты толық аяқтаған, бес адамнан тұратын топтар ғана қатыса алады.